Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

Нұрлы жол

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№41 (3306), сәрсенбі, 21 май, 2025 жыл

ӨЗБЕКСТАН МЕН ВЕНГРИЯ АРАСЫНДА КЕҢЕЙТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫНАСТАРЫ ОРНАТЫЛДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбанның шақыруына орай ресми сапармен осы мемлекетте болып тұр.

Президент Шавкат Мирзияевтың Будапештке ресми сапары 20 май күні Венгрияның ірі компаниялары мен банктерінің басшыларымен кездесуден басталды.

Венгрия тарапынан “OTP Bank”, “BDPST Group”, “4iG”, “Indotek”, “MVM”, “Duna Group”, “MOL Group”, “H2O Consortium”, “Inpark”, “Wizz Air” және басқа да көптеген компаниялардың топ-менеджерлері мен құрылтайшылары қатысты.

Мемлекетіміз басшысы өз сөзінде ресми сапардың Венгрия кәсіпкерлерімен кездесуден басталуы рәміздік мәнге ие екенін атап өтті.

Венгрияның Өзбекстан экономикасына тікелей инвестицияларының қарқынды өсіп келе жатқаны ризашылықпен айтылды. Мысалы, “OTP Bank” Өзбекстандағы ірі банктердің бірін сатып алып, еліміздің қаржы базарында тұрақты орын иеледі.

Компанияның автонесиелеуді дамыту мақсатында бірлескен компания құру, бизнесті қаржыландыру бағдарламасын іске қосу, ірі құс шаруашылығы кластерін салу бойынша жаңа жоспарлар қолдап-қуатталды.

Өндірістік кооперацияны кеңейту және озық технологияларды трансферлеуді ынталандыру мақсатында Ташкент облысында Еуропа компаниялары үшін арнайы өнеркәсіп аймағы құрылуда. Бұл аумақты басқару Венгрияның “Inpark” операторына беріледі.

Экономикалық серіктестікті кеңейту мақсатында Өзбекстан Президенті бірқатар басым бағыттарды атап өтті. Олардың қатарында бірлескен жобаларды қаржыландыру және дайын өнімдерді үшінші елдердің болашағы зор базарларына экспорттауға қолдау көрсету бар.

Көлік қатынасы тұрғысынан өзара байланыстарды нығайту, атап айтқанда, жүк тасымалын ұлғайту және екі ел арасында тікелей әуе қатынастарын дамыту маңызды екені айтылды.

Мемлекетіміз басшысы Венгрия компанияларының бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылығын жоғары бағалады. Өз кезегінде, бизнес өкілдері де ынтымақтастықты кеңейту бойынша ұсыныс пен жоспарларын ортаға салды.

Кездесуде көлік және жол инфрақұрылымын жаңғырту, логистикалық орталықтар мен коммуналдық желілер салу, құрылыс материалдарын, дайын тоқымашылық, химия және фармацевтика өнімдерін өндіру сияқты бағыттарда жаңа жобаларды іске асыру бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Сөзінің соңында мемлекетіміз басшысы мұндай кездесулерді тұрақты өткізіп тұруды ұсынды.

— Біз елдеріміздің іскерлік топтары арасындағы берік байланыстарды дамыту үшін барлық жағдайды жасаймыз, — деді Өзбекстан Президенті.

Шара соңында мемлекетіміз басшысының қатысуымен басым инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша келісімдер алмасу рәсімі өтті.

Ресми сапардың іскерлік бағдарламасы аясында Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев “OTP Bank Group” директорлар кеңесінің төрағасы Шандор Чаньимен кездесу өткізді.

Банктің еліміздің банк-қаржы базарындағы қызметі 2023 жылдан бастап жедел дамып келе жатқаны ризашылықпен атап өтілді.

Мемлекетіміз басшысы автонесиелеуді дамыту және бизнес жобаларды қаржыландыруға бағытталған бірлескен Экономика комитетінің төрағасы Өзбекстанға, ал еліміз парламенттік делегациясының Будапешт қаласына сапары жүзеге асырылады.

Қол қойылған келісімдерді іске асыруға жәрдемдесу, достық топтарының жұмысын жандандыру, ең алдымен, аумақтарды дамыту, әлеуметтік қорғау, салық және цифрландыру салаларында заң шығару тәжірибесімен алмасу үшін тиісті комитеттер арасындағы байланыстарды жолға қоюдың маңыздылығына ерекше назар аударылды.

Содан соң “Кармелита” сарайында Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбанның тар шеңбердегі және ресми делегациялар қатысқан келіссөздері өтті.

Өзбекстан — Венгрия стратегиялық серіктестік пен көпқырлы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелері қаралды.

Мемлекетіміз басшысы Венгрия жетекшісіне Будапешт қаласында Өзбекстан делегациясына көрсетілген жылы қабылдау үшін ризашылығын білдірді.

Іс жүзіндік ынтымақтастық барлық бағыттарда дәйекті дамып келе жатқаны атап бағдарламаларды жоғары бағалады.

Құс шаруашылығы кластерін құру бойынша ірі жобаны қысқа мерзімде жүзеге асыру маңызды екені айтылды.

Ташкент облысындағы өнеркәсіптік паркте Венгрия компанияларының жобаларын ілгерілету және қолдап-қуаттау басым бағыт ретінде белгіленді.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Будапешт қаласына ресми сапары аясында Венгрия Ұлттық мәжілісінің спикері Ласло Кевермен кездесу өткізді.

Өзбекстан — Венгрия стратегиялық серіктестік қатынастарын, соның ішінде парламентаралық бағытта одан әрі дамыту мәселелері қаралды.

Екі ел парламенттері делегацияларының өзара сапарлары мен кездесулерінің жандана түскені ризашылықпен атап өтілді. Биыл апрель айында Ташкент қаласында өткен Парламентаралық одақтың 150-мерейтойлық Ассамблеясына Венгрия Ұлттық мәжілісі спикерінің орынбасары Янош Латорцаи қатысқан болатын. Жыл соңына дейін Венгрия парламенті спикерінің орынбасары мен шығуы Венгрия және Еуропа бизнесі үшін қуатты ынталандыру болғаны айтылды. Банкпен қаржыландыру құралдарын кеңейту бойынша келісімге қол жеткізілді. Автонесиелеуді дамыту үшін бірлескен компания құру және бизнесті қолдап-қуаттау бағдарламасын іске қосу соның қатарында. Сырдария облысында құс шаруашылығы кластерін құру да белсенді басқышта.

Таңертең өткен іскерлік кездесу барысында көлік инфрақұрылымын жаңғырту, автожолдар мен логистика орталықтарын салу, коммуналдық желілерді дамыту, дайын тоқымашылық бұйымдары, құрылыс материалдары, химиялық және фармацевтикалық өнімдер өндіру, цифрлық технологиялар мен балық шаруашылығы салаларында жаңа жобаларды жүзеге асыру бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Мұндай өндірістерді Өзбекстанда орналастыру үшін Венгрияның “Inpark” операторы басқаратын Еуропа компанияларына арналған арнайы өнеркәсіптік аймақ құрылып жатқаны айтылды.

Жалпы алғанда, биыл июль айында Будапешт қаласында өтетін Үкіметаралық комиссияның келесі жиналысында Инвестициялық серіктестік бағдарламасын әзірлеу және қабылдауға келісілді.

Сондай-ақ Өзбекстан — Венгрия Іскерлік кеңесінің қызметін қайта жандандыру және тез арада оның кезекті жиналысын бизнес өкілдерінің кең қатысуымен өткізу ұсынылды.

Будапешт қаласында өткен келіссөздер қорытындысында Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан Кеңейтілген стратегиялық серіктестік қатынастарын орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Сонымен қатар жетекшілер құзырында қабылданған бірқатар үкіметаралық және кеңсеаралық құжаттар, соның ішінде Экстрадиция туралы келісімшарт, Климаттың өзгеруі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, табиғи апаттарды басқару, ғылым мен инновациялар, бейбіт атом саласындағы серіктестік туралы кеңсеаралық келісімдер алмасылды.

Өткен жылдың октябрь айында Қоқан қаласында өткен бірінші Аумақтар форумының тиімді нәтижелері ризашылықпен айтылды. Аумақаралық байланысты дамыту мақсатында Венгрияда екінші форумды жоғары деңгейде өткізуге дайындық бойынша келісімге қол жеткізілді.

Іскерлік, туризм және мәдени алмасуды жандандыру мақсатында екі ел арасында тікелей әуе қатынасын дамыту мәселелері де қаралды.

Мәдени-гуманитарлық саладағы іс жүзіндік ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Өткен жылдың октябрь айында Лакителек қаласында ұлы ақын Әлішер Науаи ескерткіші ашылды. Ал биыл январь айында Будапештте Өзбек киносы күндері өтті.

Келесі жылды Өзбекстан мен Венгрияның мәдениеті жылы деп жариялау ұсынылды. Венгрия мемлекеттік опера театры сахнасында “Лазги” балетін қою және Будапештегі Этнография мұражайында өзбек мәдениетінің көрмесін өткізуге дайындық жүріп жатыр.

Білім беру саласындағы алмасулар бойынша “Stipendium Hungaricum” бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық жалғасады. Сондай-ақ екі елде өзара танылатын дипломдар беру жүйесін енгізу және елімізде Венгрияның жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу мүмкіндігі қаралды.

Осыған байланысты биыл Ташкент қаласында Өзбекстан мен Венгрия ректорларының үшінші форумын өткізу ұсынылды.

Жетекшілер халықаралық және аймақтық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша пікір алысты. Терроризм, экстремизм, есірткі құралдарының заңсыз айналымы, адам саудасы және қауіпсіздікке қатер төндіретін басқа да заманауи қауіп-қатерлерге қарсы күрестегі ынтымақтастықты жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Қол жеткізілген келісімдердің орындалуын бақылау мақсатында тиісті министрліктерге бірлескен “жол картасын” әзірлеу тапсырылды.

Кездесу соңында Президент Шавкат Мирзияев Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбанды жауап сапармен Өзбекстанға келуге шақырды.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың Венгрияға ресми сапары жалғасуда.

ӨзА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

РУХАНИЯТҚА БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ҚАДАМ

Жуырда Ташкент облысы Бөке ауданындағы №16 мамандандырылған мектепте “Бес маңызды бастамасы” аясында “Кітап қазынасы – білім байлығы” атты рухани-мәдени шара өтті.

Шараға аудан әкімінің орынбасары О.Джураев, аудандық Халық депутаттары кеңесінің мүшелері, мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімінің басшысы У.Султанов, облыстық Балалар кітапханасының жетекшісі Б.Умиров, аудандық Балалар кітапханасының жетекшісі Б.Жаббарова, “Олтиш” махалласының “махалла жетілігі”, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен оқушылар қатысты.

Шара барысында оқушылар “Хамса”, “Өткен күндер”, “Шұм бала”, “Зумрад пен Қымбат” сынды классикалық туындылардың кейіпкерлерін сомдай отырып, көркем қойылымдар ұсынды. Бұл олардың шығармашылық әлеуетін дамыту мен әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған тамаша бастама болды.

Шара қонақтары, мектеп ұжымы және ата-аналардың қолдауымен “Кітаптар жинағы” сыйлығы табысталып, белсене қатысқан мұғалімдер мен оқушылар естелік сыйлықтармен марапатталды. Шара білім мен мәдениеттің баға жетпес қазына екенін, кітаптың рухани байлықтың негізі болатынын тағы бір рет айқындады.

Бұл оқиға, ең алдымен, Президентіміздің білім беру саласындағы реформаларын қолдауға және жастарды рухани байлыққа, әдебиетке деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

“Кітап қазынасы — білім байлығы” атты тағылымды шара Бөке ауданының рухани-мәдени өміріне тың серпін беріп қана қоймай, жас ұрпақтың рухани әлемін байытып, олардың әдебиетке деген құштарлығын терендете түсті. Президенттің бес маңызды бастамасының шеңберінде өткізілген бұл жиын кітап пен білімнің ажырамас байланысын, рухани тәрбиенің маңызын, және ең бастысы, ұлт болашағы саналатын жас буынды парасаттылыққа, ой-өрісі кең, сауатты азамат етіп қалыптастырудың нақты жолын көрсетті.

Кітапхана басшылары мен халық қалаулыларының қолдау көрсетуі, мектеп ұжымының белсенділігі мен ата-аналардың демеуі бұл игі істің қаншалықты қоғамдық маңыздылығын тағы да айқындады. Сыйға тартылған кітаптар, табысталған естелік сыйлықтар балалардың білімге деген ынтасын оятудың әсерлі механизмі болды.

Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар — руханиятқа сусап тұрған қоғамымызға ауадай қажет. Өйткені ұлтты ұлы ететін — оның білімі мен мәдениеті, ал оның негізі — кітап пен тәрбие.

Е.АБДУРАХЫМҰЛЫ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Ташкент қаласында “Бизнесті Дамыту Банкі” АКБ-ның негізінде құрылған микроқаржылық ұйымның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға банктің Басқарма мүшелері, кәсіпкерлер, қоғам өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиында сөз алғандар банк жүйесінде жүзеге асырылып жатқан жаңғыртулар, көрсетілетін қызмет түрлері мен сапаның заманауи талаптар деңгейінде тұрақты түрде жетілдіруге негіз қалап жатқанын атап өтті. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 ноябрьдегі “Кәсіпкерлік қызметті дамытуда микроқаржы қызметтерінің орнын және үлесін арттыру бойынша қосымша іс-шаралар туралы” қаулысына сәйкес, коммерциялық банктерге республикада микроқаржылық қызметтерді кеңейту міндеті жүктелген.

Аталған тапсырманы орындау, микро, шағын және орта бизнес субъектілеріне, сондай-ақ ресми табысы жоқ азаматтар қатарына да микроқаржылық қызметтер көрсету мақсатында “Бизнесті Дамыту Банкі” АКБ-ның бастамасымен жаңа микроқаржылық компания құрылды.

Жаңа ұйым жеке кәсіпкерлерге, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға және шағын бизнестің барлық түрлеріне микроқаржылық қызметтер ұсынуды басты мақсат етіп отыр.

Бұл үдерісте қарапайым азаматтар да өз бизнес-идеяларын іске асыру үшін қаржылық қолдауға ие бола алады. Ең бастысы, кәсіпкерлерге 100 миллион сумға дейінгі микронесие кепілсіз ұсынылады, ал 300 миллион сумға дейінгі микронесие кепілдік негізінде беріледі.

Айта кету керек, Өзбекстан Республикасының Орталық банкі Басқармасының 2025 жылғы 7 февральдағы қаулысына сәйкес, “Бизнесті Дамыту Микроқаржылық Ұйымы” жауапкершілігі шектеулі қоғамы №127 нөмірімен микроқаржылық қызмет көрсететін ұйымдар реестріне енгізіліп, ресми тіркеуден өтті.

Шара қатысушылары жаңадан құрылған ұйымдағы жағдайлармен және ұсынылатын қызметтермен танысты.

Банк Ақпарат қызметі.

Көзқарас

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Денсаулық — баға жетпес байлық. Бұл саланың түйткілді мәселелерін бір сәтте шешіп тастау мүмкін емес, алайда жүйелі саясат, үздіксіз еңбек пен халыққа деген шынайы жанашырлық нәтижесіз қалмайды. Соңғы 7-8 жылда Өзбекстанда денсаулық сақтау жүйесіне осындай жаңаша көзқарас енгізіліп, бүгінде бірқатар оң өзгерістер байқалуда. Өлбетте, барлық мәселе толық шешілді деу әлі ерте, бірақ бағыт айқын, жасалып жатқан қадамдар тұрақты.

Бүгінде өмірдің бірде-бір саласын ақпараттық технологияларсыз елестету қиын. Сондықтан заманауи мүмкіндіктер медицина саласына да белсенді түрде енгізілуде. Бұрын дәрігердің қабылдауына кезек күтіп, жол шығыны мен уақытты уайымдап жүретін азаматтар үшін бүгінде онлайн қызметтер үлкен жеңілдік болды. Мысалы, Ташкент қаласы мен бірқатар облыс орталықтарындағы емханаларда онлайн кезекке тұру, электронды медициналық карта, телемедицина сынды жүйелер науқас пен дәрігердің де жұмысын жеңілдетіп отыр. Адамдар үйде отырып-ақ телефон немесе арнайы қосымшалар арқылы тіркеліп, қажет қызметке қол жеткізуде. Бұл тек уақытты ғана емес, жүйкені де сақтайды.

Алайда бүгінгі жетістіктер халықты ғана емес, мемлекет басшысын да толық қанағаттандырмайды. Жуырда өткен жиналыста медициналық сақтандыру жүйесінің әлі күнге дейін толық енгізілмегені қатаң сынға алынды. Былтыр Ташкент қаласында, биыл Қарақалпақстан, Нұрата, Самарқант, Ферғана, Сұрхандария мен Хорезм аумақтарында бұл жүйе іске қосылуы тиіс еді, бірақ жұмыстар жоспарға сай орындалмаған. Сақтандыру қоры дайын ақшаны бөліп отыратын құрылымға айналып кеткені сынға түсті.

Сала басшылары жүйені толық цифрландыру былай тұрсын, қарапайым "электронды рецепт" жүйесін де іске қоспағаны үшін сынға алынды. "Электронды емхана", "Электронды аурухана" жобаларында да көптеген кемшіліктердің бар екені айтылды.

Мұндай қатаң ескертулердің артында нақты есеп пен сараптама тұр. Себебі цифрландыру тек қолайлылықты арттырып қоймайды, сонымен бірге тұрғындардың салаға деген сенімін нығайтады, жүйе ашық әрі әділетті болады. Егер медициналық сақтандыру енгізілсе, азамат әр жұмсалған қаражаттың есебін көре алады. Медициналық қызметтер тегін әрі кепілдендірілген санаттарға бөлінеді.

Сала толық цифрландырылса, электронды рецепт, онлайн кезекке тіркеу, қашықтықтан дәрігерге жазылу мүмкіндіктері кеңейеді. Емделу тарихы мен диагностикалық нәтижелер электронды түрде сақталады. Адамдар қағаз көтеріп жүруге мәжбүр болмайды. Бұл өз кезегінде саланың тиімділігін арттырып, жемқорлық пен бюрократияны жояды.

Бұрын "керек дәрі дәріханада жоқ екен" деген сөз жиі айтылатын. Қазір жағдай едәуір жақсарған. Өйткені отандық дәрі-дәрмек өндірушілердің саны артуда. Бүгінде ішкі өндірістің үлесі 38 пайызға жетті — бұл бағаның тұрақтылығы, дәрі-дәрмектің жеткілікті қоры және сапаның артқаны деген сөз.

Дегенмен бұл бағытта да шешімін күткен мәселелер аз емес. Елімізде жыл сайын 600-700 миллион АҚШ доллары тиімділігі дәлелденбеген, ғылыми негізі жоқ дәрі-дәрмектерге жұмсалады. Мұндай препараттардың импорттағы үлесі 42 пайызды құрайды. Ал дамыған елдер болса, дәлелді медицинаға сүйеніп, тиімділігі мен қауіпсіздігі клиникалық зерттеулермен дәлелденген дәрілерді ғана қолданады.

Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігіне халықаралық мойындалған дереккөздерде "тиімсіз немесе әсері зерттелмеген" деп танылған дәрі-дәрмектерді емдеу хаттамаларынан алып тастау тапсырылды. Барлық медициналық мекемелерде, әсіресе балалар ауруханаларында антибиотиктерді негізсіз қолдануға қарсы кешенді тексеру жүргізу, хаттамаларды сақтамаған қызметкерлерге қатаң шара қолдану туралы нақты талап қойылды.

Жалпы алғанда, денсаулық сақтау — күрделі, бірақ аса абыройлы сала. Бұл жолда еңбек еткен әрбір маман, қабылданған әрбір шешім, жұмсалған әрбір қаржы — халықтың денсаулығы мен бақытты өмірі үшін жасалуда. Бүгінгі ауруханалардың жаңаруы, дәрігерлердің біліктілігін арттыру, медициналық қызметтің халыққа жақындауы — жай ғана реформа емес, бұл — адам қадіріне берілген жоғары баға деп қабылдауымыз керек.

Әлбетте, мемлекетіміздің басшысы атап өткендей, денсаулық сақтау саласында әлі де болса шешімін күтіп тұрған түйткілдер аз емес. Алайда осыған қарамастан, медицина саласы қоғамдағы шынайы реформалар мен терең өзгерістердің бет-бейнесіне айналып келеді.

Ал ол үшін тек үкімет немесе министрлік қана емес, бүкіл қоғам болып жұмыла атсалысуымыз, әсіресе, біз, депутаттар да жауапты болуымыз керек.

Г.АБДУВОХИДОВА,
Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты.

Заңға бағыну — азаматтық парыз

АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛДІК ЖОЛЫНДА

Бүгінде елімізде әділеттілік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар тиімді бастамалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі — көшпелі сот отырысы. Бұл жүйе құқықбұзушылықтың алдын алуға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және сот төрелігін халыққа жақындатуға бағытталған. Сот төрелігінің ел ішіне енуі, қарапайым азаматтардың көкейіндегі сұрақтарға нақты жауап алып, әділ шешімдердің көз алдында шығарылуы — құқыққа деген сенімді нығайтып, заң алдындағы жауапкершілік сезімін күшейтеді. Көшпелі сот — бұл жай ғана сот үдерісі емес, бұл әділетті қоғам құру жолындағы маңызды қадам.

Аққорған ауданында ел арасында "қылмыс жазасыз болмайды" деген сенімді нығайтқан маңызды оқиға — көшпелі сот отырысы ұйымдастырылды. Бұл шара аудан әкімдігі ғимаратында, Қылмыстық істер бойынша аудандық соттың тергеу судьясы А.Қахрамоновтың төрағалығымен өтті.

Сот залының төрінде жайғасқан төрелік тек қана қағаз жүзінде емес, нақты өмірде әділеттің орнауына қызмет етті. Отырыста аудандық ішкі істер бөлімінің жол қозғалысы қауіпсіздігі бөлімшесінің инспекторлары, мемлекеттік салық қызметі өкілдері мен әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты іс материалдары қаралды.

Сот барысында заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу, жол ережелерін бұзу, отбасылық зорлық-зомбылық сияқты күн тәртібіндегі өткір мәселелер қаралды. Іс материалдары бойынша өз кінәсін мойындап, жәбірленушімен ымыраға келген және келтірілген зиянды толық өтеген азаматтар әкімшілік жауапкершіліктен босатылды. Бұл — соттың адамгершілікке негізделген, тәрбиелік мәні жоғары шешімі болды.

Сонымен қатар сот алғаш рет құқық бұзған кәсіпкерлерге де түсіністікпен қарады. Өз еркімен тәртіп бұзушылықты жойып, шығынның орнын толтырған азаматтарға қатысты әкімшілік іс жүргізу тоқтатылды. Бұл қадам — заң үстемдігін сақтай отырып, қоғамда әділет пен кешірімділік арасындағы нәзік тепе-теңдікті ұстаудың көрінісі.

Дегенмен, кейбір істерде қылмыстық құрам белгілері байқалған. Мұндай материалдар дереу прокуратураға жолданып, тереңірек тергеу амалдарына негіз болды. Сондай-ақ заң талаптарын бұзып, дұрыс рәсімделмеген құжаттарды сотқа жолдаған лауазымды тұлғаларға қатысты материалдар кері қайтарылды.

Аққорған ауданында өткен көшпелі сот — бұл құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы тағы бір нақты қадам. Аудандық әкімдік ғимаратында ұйымдастырылған көшпелі сот отырысында тергеу судьясы А.Қахрамоновтың төрағалығымен жол ережесін бұзу, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу, отбасылық тұрмыстық жанжалдар секілді бірқатар әкімшілік істер қаралды. Істерді талдау кезінде адамгершілік пен әділеттілік қағидаттары басшылыққа алынып, айыпталушылардың кінәсін мойындауы, жәбірленушімен татуласуы және келтірілген залалды толық өтеуі негізінде әкімшілік жауапкершіліктен босатылған жағдайлар да болды.

Бүгінде елімізде сот жүйесі тек жазалаушы орган ғана емес, керісінше тәрбиелеуші, құқықтық сауаттылықты арттыратын институт ретінде танылып келеді. Көшпелі сот — осының нақты дәлелі. Мұндай форматта өтетін үдерістер азаматтармен ашық диалог орнатып, құқықтық мәдениетті арттырып, халықтың сот билігіне деген сенімін нығайтуға айрықша әсер етуде.

Сот отырысы барысында бірінші рет құқықбұзушылық жасаған азаматтарға заң шеңберінде ескерту жасалып, оларға өз кемшілігін түзетуге мүмкіндік берілді. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кейбір істер заң талаптарына сай келмей, кері қайтарылды, ал қылмыс белгілері байқалған материалдар прокуратура қарауына жіберілді.

Көшпелі сот отырыстары — бұл тек құқықбұзушылықты қарау емес, бұл — халыққа жақындаудың, әділет пен заңның шын мәніндегі үстемдігін қамтамасыз етудің жарқын көрінісі. Мұндай ашық әрі жариялы үдерістер қоғамның құқықтық мәдениетін көтеріп, азаматтардың заңға деген сенімін арттырады. Сонымен қатар құқықбұзушы мен жәбірленуші арасындағы өзара татуласу, келтірілген шығынның өтелуі сынды адамгершілікке негізделген шешімдер — соттың жазалаушы емес, тәрбиелеуші сипатын айқын көрсетеді.

Бұл тәжірибе — тек сот жүйесіне емес, бүкіл құқық қорғау саласына серпін беретін бастама. Алдағы уақытта да осындай әділетті, ашық және адам тағдырына бейжай қарамайтын сот үдерістері қоғамда заң үстемдігін орнатуға, құқықтық мемлекет құруға берік негіз болары сөзсіз.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

Тау-кен және металлургия өнеркәсібі

ҚУАТТЫ ӨНДІРІС

Өзбекстан — табиғи ресурстарға бай, стратегиялық орны мығым ел. Ел экономикасының негізгі тірек салаларының бірі — тау-кен және металлургия өнеркәсібі. Бұл салалар ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, экспорт арқылы мемлекеттік бюджетті қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады.

Тау-кен өнеркәсібі — болашағы зор салалардың бірі. Өзбекстанда алтын, уран, мыс, вольфрам, молибден, табиғи газ, мұнай және көмір сияқты бағалы және өнеркәсіптік маңызы бар ресурстар бар. Елде жүздеген кен орындары жұмыс істейді, олардың көпшілігі дамыған инфрақұрылыммен және заманауи технологиялармен жабдықталған.

Өзбекстандағы тау-кен және металлургия саласындағы ірі өнеркәсіп нысандары саналатын "Науаи тау-кен металлургия комбинаты" акционерлік қоғамы (алтын, күміс және басқа да бағалы металдар), "Алмалық тау-кен металлургия комбинаты" акционерлік қоғамы (алтын, мыс, мырыш, молибден), "Узбекнефтегаз" АҚ (мұнай, газ) сияқты "Навоийуран" мемлекеттік кәсіпорны табиғи уран өнімін өндіру және қайта өңдеу бойынша жалғыз кәсіпорын болып табылады.

Тау-кен металлургия өнеркәсібі Өзбекстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) 15-20 пайызын қамтамасыз етеді. Металлургия өнеркәсібі кен өндірісінде өндірілген шикізатты қайта өңдеу арқылы елге қосымша экономикалық пайда әкелуде. Бұл саладағы өндіріс көлемі жыл сайын артып келеді. Әсіресе, уран, алтын, мыс, алюминий сияқты металдарды өңдеу және экспорттау экономикалық тиімділікті арттырады.

Атап айтқанда, табиғи уран Өзбекстанның экспорттық кірісінің едәуір бөлігін құрайды. Бүгінгі таңда уран Франция, Оңтүстік Корея, Жапония, Канада, АҚШ, Үндістан сияқты елдерге экспортталуда. Сондай-ақ мыңдаған халық үшін жұмыс орындары ашылады, салықтар арқылы мемлекеттік бюджетке қомақты түсім түседі, технологиялық дамуды ынталандырады және ғылыммен ынтымақтастықта жаңа әзірлемелерге жол ашады.

"Навоийуран" мемлекеттік кәсіпорнында халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде инвестиция көлемі де артып келеді. Атап айтқанда, әлемдегі жетекші уран өндіруші АҚШ, Франция, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан және Қытай Халық Республикасы сияқты елдердің ірі компаниялары кәсіпорынмен ынтымақтастықта жаңа технологиялар, автоматтандыру жүйелері енгізілуде.

Жалпы айтқанда, тау-кен металлургия өнеркәсібі — Өзбекстан экономикасының негізгі драйверлерінің бірі, оның тұрақты дамуы елдің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде маңызды фактор болып табылады. Саланы одан әрі жаңғырту, экологиялық талаптарға сәйкес жұмыс істеу және халықаралық стандарттар негізінде дамыту болашақтағы экономикалық өсімнің негізі болады.

Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
Науаи облысы.

Әлеуметтік тұрақтылық

ҚАУІПСІЗ МАХАЛЛА — ОРТАҚ МАҚСАТ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әрбір мемлекеттің басты мақсаты — тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыспен күресу, құқықбұзушылықтардың алдын алу және халықтың жайлы өмір сүруіне жағдай жасау. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде де соңғы жылдары бұл мәселеге ерекше мән берілуде.

Президентіміздің бастамасымен мемлекеттік басқаруда махалла институтының рөлін арттыруға бағытталған жаңа көзқарастар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы тұрақтылық, тыныштық пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталғанын айта кеткен орынды. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстың жалғасы ретінде Президентіміздің 2025 жылы республика махаллаларында қауіпсіз орта қалыптастыру және құқықбұзушылықтардың алдын алу жүйесінің тиімділігін арттыру туралы қаулысы қабылданды. Бұл құжат тек құқықтық негіз ғана емес, еліміз көлемінде реформалардың жаңа басқышын бастап берді, десек қателеспейміз. Қаулыда махаллаларда қылмыстық және өзге де құқықбұзушылықтардың алдын алу, жергілікті мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары, білім беру, денсаулық сақтау, еңбекпен қамту, әлеуметтік қорғау және өзге де мекемелер арасындағы өзара іс-қимылдың нақты механизмдері белгіленген.

Қаулының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жуырда Ташкент қаласының Яккасарай ауданындағы "Яккасарай" махалласында арнайы штаб ұйымдастырылып, жиын өткізілді. Жиынға Президент әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, Ташкент қаласы прокурорының орынбасары, аудан әкімі, аудан прокуроры, ішкі істер басқармасы басшылығы, салық инспекциясының өкілдері, бірқатар мекеме мен ұйым жетекшілері және аудан әкімінің орынбасарлары қатысты.

Жиын барысында махаллаларда қауіпсіз ортаны қалыптастыру, қылмыспен күресу, халықпен профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігі кеңінен талқыланды. Әсіресе, қылмыстың түпкі себептерін анықтап, оларды мақсатты түрде жою бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылды. Жиында жауапты мекемелер тарапынан осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар, жеткен нәтижелер мен бар проблемалар бойынша есептер ұсынылды. Әрбір мекеме мен ұйымға нақты міндеттер жүктелді.

Сонымен қатар жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру, әлеуметтік әлсіз топтармен мақсатты жұмыс жүргізу, жұмыспен қамту, мүмкіндігі шектеулі жандар мен асыраушысынан айырылған отбасыларға көмек көрсету, махаллалардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту бойынша шаралар кеңінен талқыланды. Мекемелерге профилактикалық шараларды күшейту, "үйме-үй" қағидасы негізінде жұмыс істеу, азаматтардың өтініштерін жедел шешу сияқты маңызды тапсырмалар берілді.

Махаллалардағы жастар жетекшілері, әйелдер белсенділері, ардагерлер кеңестерімен бірлесіп жүргізіліп жатқан үгіт-насихат жұмыстары, профилактикалық кездесулер мен бұқаралық шаралар қылмысқа қарсы иммунитетті қалыптастыруға қызмет етуде. Президент бастамашылық еткен бұл жүйелі көзқарастар, нақты тапсырмалар мен кешенді шаралар өз нәтижесін беріп жатқаны сезілуде.

Қорыта айтқанда, алдағы уақытта әрбір махалла қауіпсіздік, әлеуметтік тұрақтылық және халықтың ризашылығына негізделген шынайы даму орталығына айналуы үшін барша мыз бірдей жауаптымыз. Сондықтан әрбір азамат өз махалласының тағдырына бейжай қарамай, оған өз үлесін қосуы аса маңызды.

Әлия ӘБДІРАХМАНОВА,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

Жаңа кәсіпорын

ІРІКТЕУ ФАБРИКАСЫ ҚҰРЫЛУДА

Қоғамда түрлі өндірістік өнеркәсіп орындарының көп болуы немесе жаңадан ашылуы бүгіннің өзекті жұмысбастылық мәселесіне оңды әсер етеді. Яғни, белгілі аумақта жаңа кәсіпорын немесе өндірістік орнының құрылуы, оның қызметінің алға басып өркендеуі сол өңір азаматтарының жұмыспен қамтылуына, тұрмыстық деңгейінің артуына ықпал етпек.

Ал жаңадан құрылып жатқан жұмыс орнының өндірістік көлемі мен әлеуетінің жоғарылығы мемлекет үшін, өндірісшілер, бастысы жұмысшы-қызметкерлер үшін тиімді болмақ.

Елімізде бағалы металдар өндіру көлемін арттыру, сондай-ақ табиғи байлықтарды тиімді пайдалану мақсатында ауқымды өнеркәсіп жобалары жүзеге асырылуда. Сондай ірі жобалардың бірі Алмалық кен-металлургия комбинатының "Ковулди алтынды іріктеу фабрикасының құрылысы" жобасы саналады.

Фабрика Ковулди" және "Төменгі Кенжесай" кендерінен қазып алынатын рудаларды қайта өңдеуге арналып, жылына 200 мың тонна шикізаттан бағалы металдарды ажыратып алады.

Фабриканың құрылыс істері үстіміздегі жылдың февраль айында басталып, ғимаратты үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанында пайдалануға тапсыру

жоспарланған. Комбинаттың күрделі құрылыс басқармасының құрылыс істерін бақылау бойынша жетекші инженері Д.Пардаеваның мәлімдеуінше, құрылыс істерін "Олмалиққурилиш" тресі атқаруда. Жоба аясында жер алаңын дайындау, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың іргетасын қалау және өндірістік ғимараты үшін темір-бетон колонна, сондай-ақ тосқауыл орнату істері атқарылды.

Фабрика құрылысының екінші басқышында технологиялық қондырғылар — диірмендер, гидроциклондар және классификаторлар орнатылады. Қондырғылар Орталық қайта жөндеу-механика зауыты тарапынан жергіліктендіру бағдарламасы негізінде дайындалуда. Осы күнге дейін 2 диірмен, 2 гидроциклон, тағы басқа да қажетті бөлшектер дайындалды.

Фабрика толығымен Алмалық кен-металлургия комбинатының өз күшімен және мамандары тарапынан құрылуда. Құрылыста пайдаланылып жатқан темір-бетон конструкциялар да комбинаттың "Олмалиққурилишметаллург" тресінде жасалуда.

Алдағы уақытта фабрика іске түсірілгеннен соң, жоғарыда айтқандай, қосымша 151 жаңа жұмыс орны ашылады. Яғни мұнда комбинаттың Ангрен және Чодактағы фабрикаларынан кейінгі үшінші алтынды іріктеу фабрикасы пайда болады.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

Егістіктен ескен леп

МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ

Министр Иброхим Абдурахмонов бағдарламаға сәйкес, "Бекабад" агрокластеріне қарасты "Ойбек" мақта қабылдау пунктінде болды. Бұл жерде үстіміздегі жылдың өнімі үшін егілуі жоспарланған тұқымдық резервіне барды.

Биыл аумақта мақта, күріш, жүгері егу бойынша ақпарат берілді. Дәнді және бұршақ дақылдарының сұрыптарының тұсаукесері де өтті. Атап айтқанда, "S-8290", "Султан" және шетелдік мақта сұрыптарының өнімділігі және олардың климаттық және топырақ жағдайына сәйкестігі талқыланды.

Мамандар тұқым себу технологиясы мен агротехникалық шаралар туралы қысқаша түсінік берді.

Сондай-ақ егіс алқаптарын маусымға дайындау, ауыл шаруашылығы техникасын 76/10 схемасына бейімдеу, агротехникалық іс-шараларды уақытында және ғылыми негізде ұйымдастыру, тұқым сапасын арттыру, сондай-ақ егіс үдерісінде тиімді технологияларды қолдану мәселелеріне баса назар аударылды.

Мақсат — маусым басынан қателікке жол бермеу, топырақты дайындаудан бастап отырғызу, күтіп-баптау үдерістерін ғылыми негізде ұйымдастыру.

Сапар соңында аумақта атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты жауапты тұлғаларға тиісті ұсыныстар беріліп, алдағы уақытта атқарылатын міндеттер белгіленді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Жауапты маусым

МАМАНДАР МЕН ФЕРМЕРЛЕР ӨЗАРА КЕҢЕСТІ

Қарақалпақстан Республикасы, Өмудария ауданының "Ақ алтын" ауылдық азаматтар жиынындағы "Якупова Гавхар" фермерлік шаруашылығында қоза баптауға арналған көрнекі семинар өткізілді.

Семинарда қозалардың қатараралықтарын өңдеу, терең жұмсарту, азықтандыру және суспензияны себу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру бойынша пікір алмасылды. Өйткені тәжірибелі мамандардың берген кеңестері фермерлерге өз шаруашылықтарында өнімділікті арттыруға, сапалы өнім алуға және өсімдіктерді аурулардан қорғауға үлкен көмек береді.

— Биыл аудан бойынша 16 мың гектар жерге шит егіліп, одан біркелкі көшет алынды, — дейді Әмудария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бастығының орынбасары Кудрат Абдухаликов. — Сондай-ақ қазіргі уақытта қозаларды жегенелеу және қатараралықтарды жұмсарту жұмыстары жүргізілуде. Оған 153 арнайы техника мен агрегат қатысуда.

Семинар барысында фермерлік шаруашылықтардың басшылары өзара тәжірибе алмасып, өз шаруашылықтарында қолданылатын түрлі агротехникалық әдістер мен технологиялар туралы айтып берді.

Қазіргі уақыт мақта тұқымы егілген жерлерде агротехникалық шараларды жүзеге асыру үшін ең маңызды кезең болып саналады.

Шоманай ауданындағы "Қарабайлы" ААЖ аумағында "Құдайберген Фарангиз" фермерлік шаруашылығының егістік алқаптарында 2025 жылдың егісі үшін шит егілген алқаптарда агротехникалық шараларды жүзеге асыруға байланысты көрнекі семинар өткізілді.

Шара барысында негізінен, шит егілген алқаптарда жүзеге асырылатын алғашқы культивациялау, азықтандыру жұмыстары, суспензия беру іс-шаралары жүргізіліп, түсініктемелер берілді.

Аталмыш жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру бойынша ұсыныстар айтылып, алдағы уақытта атқарылатын міндеттер белгіленіп берілді.

Бұл бағыттағы іс-шаралар жер жерлерде жалғасуда.

Мүмкіндік

БІЛІМДІ МЕН БІЛІКТІЛЕРДІҢ ОЙЫНЫ

Мүгедектік мүмкіндіктерді шектемейді. Дамуға, өсуге, жеңіске деген құштар әрбір адам болашақтың өз мақсаттары мен тұғырнамаларының жасаушысы болуға қабілетті.

Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі Жызақ облыстық басқармасы бастығының жүлдесі үшін мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында өткен шахмат жарысы мақсаты айқын, болашағына сенімі биік азаматтарды жинады.

Мүгедектік — өзгеріп тұратын категория. Мысалы, аурудың түріне қарай және оның дұрыс емделуіне байланысты мүгедек адамның денсаулығы жақсарып, еңбек ету қабілеттілігі жоғарылауы мүмкін. Сондықтан оларды қоғамнан оқшауламай, бойындағы қабілетін дамыту қоғамның бастапқы міндеті.

Тынымсыз дүбірлі доданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталып, оларға тиісті ынталандырулар берілді. Барлық белсенді қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

Жызақ облысы әкімдігінің Баспасөз қызметі.

Экспорт

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ ЖАҚСАРМАҚ

Пахтакор ауданында қарбыз-қауын шаруашылығын дамыту бойынша "Мирзачул-Агро Стар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмысын бастады.

2025 жылдың 14 февралінде Өзбекстан Республикасы Президентінің "Uzagrostar" холдинг компаниясының қызметін ұйымдастыру туралы қаулысына сәйкес, Жызақ облысында қарбыз-қауын өсіруге мамандандырылған "Мирзачул-Агро Стар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылды.

"Мирзачул-Агро Стар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі Мирзашөл, Мирзаабад, Сардоба, Ақалтын, Ховос, Көкдала, Янгибазар және Гурлан аудандарын қамтиды. Пахтакор ауданындағы М-39 жолының бойында осы мамандандырылған компанияның қызметі орталығы құрылды.

Зертхана, балабақша, оқу орталығы, кеңсе ғимараты бар. Жобаға Түркия мен Еуропадан білікті сарапшылар тартылады. Бұл жоба фермерлер мен диқандарға экспортқа бағытталған өнім өндіруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және суды үнемдеу жүйесін енгізуге көмектесуге бағытталған.

Шараға Жызақ облысы әкімінің бірінші орынбасары Зафар Азимов, "Узмиллийбанк" АҚ жауапты қызметкерлері, Агробілім және инновациялық орталығының ғалымдары қатысты.

Кездесуде қауын-қарбыз өнімдерін өсіру, сақтау және өңдеуді және жеткізу тізбегін қамтитын заманауи агроөнеркәсіп кешенін салу мәселелері талқыланды. Бұл бастама жергілікті шаруалардың қызметін қолдап қана қоймай, өзбек жеміс-жидектерінің экспорттық әлеуетін арттырады.

Өнімділік, ғылым, инновация және кооперация ауыл шаруашылығын дамытудың негіздері болып табылады.

Рүстем ТӨЛЕНОВ,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

Өнерлінің қолы алтын

ШЕБЕР ҚОЛӨНЕРШІ

Қарақалпақстан Республикасы Хожейлі ауданындағы "Күн нұры" махалла азаматтар жиынының тұрғыны Азамат Избергеновті көпшілік бесік ұстасы ретінде жақсы таниды. Оның жасаған бесіктері қаншама баланы әлдилеп, жас аналарға жақсы көмекші болды.

— Мектепте оқып жүрген кезімде, яғни 13 жасымда бірінші бесігімді жасадым, — дейді қолөнерші. — Әкемнің үйретуі мен қолдауы маған әрдайым күш-жігер берді. Қазіргі уақытта шеберханамызда айына 80-100 бесік жасалады.

Қолөнершінің жұбайы Зияда, қызы Нилуфар, егіз балалары Асан мен Үсен әкесіне жақын көмекші. Олар бесік пен оған қажетті заттарды бірге жасайды. Болашақта олар өз жұмыстарын кеңейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлап отыр.

Тілеухан ШӘМЕКОВА,
"Нұрлы жолдың" меншікті тілшісі.

Бір махалла — бір өнім

ЖАСЫЛ БАСТАМА — ТАБЫС КӨЗІ

Ташкент облысының Аққорған ауданындағы махаллаларда есік алдындағы жерді тиімді пайдалану арқылы төрт мезгілде де жақсы табыс тауып отырған отбасылар көп. Ерекше назар аударатын жайт, лимон өсіру, көшет шаруашылығы, гүл өсіру сияқты салалар, даму драйверіне айналған махаллалар саны жыл сайын артуда.

Аққорған ауданындағы "Зарбдор" махалла азаматтар жиынының аумағында жүзеге асырылып жатқан "жасыл белдеу" жобасы аясында лимон көшеттерін отырғызу шарасы өтті. Алдымен ақсақалдар дұға жасап, елге тыныштық пен береке, басталған істерге сәттілік тіледі.

Содан соң үйлерде лимон өсіруді дамыту, аумақты үлгілі махаллаға айналдыру, "Бір махалла — бір өнім" қағидаты негізінде махалла тұрғалары, әкімдік өкілдері мен жастар жетекшілерінің бастамасымен көшет отырғызу жұмыстары жүргізілді. Әрбір үйге егілген лимон көшеттері болашақта жұмыссыздықтың азаюына, халықтың тұрақты табыс көзіне айналатыны сөзсіз.

Мәліметтерге сәйкес, Зарбдор махалласында 710 үй, 1 мың 100 отбасы және 3 мың 600 тұрғын бар. Жалпы 3 мың түп лимон көшетін отырғызу жоспарланған, соның ішінде 150 үйдің әрқайсысына 20 түптен лимон көшеті отырғызылуда.

Жауапты тұлғалар махаллада лимон көшеттерін өсіру арқылы экспорт әлеуетін арттыру қажеттігін және оның нақты механизмдерін түсіндірді. Ол үшін елде барлық жағдай жасалғаны, мемлекет басшысының бұл салаға ерекше көңіл бөлетіні, ұсынылып отырған мүмкіндіктер мен жеңілдіктер туралы ақпарат берілді.

Халықтың есік алдындағы жерді тиімді пайдалануы аграрлық мәдениетті арттыруға, кәсіпкерлік пен бастамашылдықты дамытуға, жаңашылдыққа ұмтылуға ықпал етеді. Осы орайда Зарбдор махалласы ауыл шаруашылығын дамытудың жарқын үлгісі. Мұнда басталған игі істер еліміз бойынша өзге де аумақтарға серпін берері сөзсіз.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

Тілсіз жау

ЕРЕЖЕГЕ КӨҢІЛ БӨЛУ МАҢЫЗДЫ

Өрт қауіпсіздігі қызметі мамандарының басты міндеттері, алдымен өрттің алдын алу, тұрғындардың арасында ауқымды түсіндіру-насихаттау істерін күшейту, сол арқылы өрттің санын азайту саналады. Дегенмен тек міндетті орындаумен ғана нәтижелілікке қол жеткізуге болмайды. Яғни мұнда азаматтардың түсіндіру-насихаттау шараларына қатысуы, мамандардың ескертіп жүрген қауіпсіздік ережелеріне үнемі мойынсұну өте маңызды.

Й.МАМАЖОНОВ,
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы ғимаратында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

ҚАУІПСІЗДІК ЖОЛЫНДА

Мемлекет басшысының бастамасымен аптаның әр сәрсенбі күнінің "Өрт профилактикасы күні" деп белгіленуі еліміздің тыныштығы мен халықтың өркениетін қамтамасыз етудегі маңызды шаралардың бірі. Белгіленген талаптарды орындау мақсатында Өрт қауіпсіздігі қызметі Ташкент қалалық горнизоны қызметкерлері өрттің алдын алуда тұрғын үйлердегі, көпқабатты үйлердегі өртке себеп болатын жағдайлар үйреніліп, оларды жоюдың жолдары бойынша түсіндірме істерін жүргізуге бағытталуда.

С.ХАЛИЛОВ,
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы ғимаратында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

ТИІМДІ ПАЙДАЛАНҒАН ЖӨН

Халықтың арасында "От — дос, от — дұшпан" деген сөздер текке айтылмаған. Себебі адамның суығын жылытып, ауырын жеңілдететін отты дұрыс пайдаланудың өзіндік шарттары бар. Ал аздап оттың тізгіннен шығуы немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесі түрлі көңілсіз жағдайларға әкеп соғады. Отты тиімділігін арттыру адамның өзіне байланысты. Ережелерге көңіл бөлу, өрттің алдын алу шарттарына мойынсұну оттың адамға қызмет етуіне септігін тигізеді.

С.ӘБДІБЕКОВ,
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы ғимаратында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

КӨП ЖАҒДАЙДА...

Көп жерде, көп жағдайда өрт адамның айыбымен туындап жатады. Кейбір кәсіпорындарда, әкімшілік ғимараттарында, оқу және емдеу орындарында, әсіресе тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етпеу, белгілі нұсқауларға немқұрайды қарауы, үлкендердің салғырттығы себепті өрт жағдайлары туындауда. Өкініштісі, апаттың алдын алу оңай, ол адамнан көп нәрсе талап етпейді, жай ғана күнделікті қарапайым ережелерге көңіл бөлу талап етіледі.

З.ҒОФУРОВ,
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы ғимаратында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

ТАЛАПТАРҒА ҚАЙШЫ КЕЛЕДІ

Құрылыстарда ізгі арман-мақсатпен берік етіп құрылып жатқан үйлермен қатар өрт қауіпсіздігі ережелеріне қайшы түрде құрылып жатқан нысандар да жоқ емес. Тұрғындардың өз бетімен үйінің алдына темір тосқауылдар, кішігірім қоймалар құруы немесе шағын аула жерін ұйымдастыру сынды қауіпсіздік талаптарына қайшы істерін көруге болады. Бұл өз кезегінде қауіпсіздік, әсіресе өрт қауіпсіздік ережелеріне тура келмейтінін естен шығармаған жөн.

Ф.РАХМОНҚУЛОВ,
Сіргелі аудандық ТЖБ және НБ-ның инспекторы.

Құндылық

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

Қай кезеңде болсын, тәрбие — қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып келді. Тәрбие — ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін, тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал ететін күрделі де көпқырлы үдеріс. Әсіресе, мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие бала өмірінің іргетасы ретінде аса маңызды.

Бұл кезеңде баланың тұлғалық, психологиялық және физиологиялық дамуына жағдай жасау педагог пен ата-ананың басты міндеті.

Баланың дене тәрбиесі тек қана спорттық жаттығуларды меңгеру емес, сонымен қатар оның ерік-жігері, мінезі, қарым-қатынас дағдылары мен өзін-өзі бағалауын дамытуға бағытталған кешенді әрекет. Қозғалыс ойындары, ұлттық ойын түрлері арқылы бала тек дене жағынан ғана емес, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан да дамиды.

Психологтар мен педагогтардың пікірінше, қозғалыс белсенділігі баланың жүйке жүйесін нығайтып, эмоционалдық тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі. Дене жаттығулары баланың күн тәртібін реттеуге, дұрыс өмір сүру әдетін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Ұлттық ойындар халқымыздың мәдени мұрасы, сонымен қатар тәрбие құралы. Ойын барысында балалар үлкендердің мінез-құлқын қайталайды, еңбекке, ұйымшылдыққа, жеңіске деген ұмтылысқа үйренеді. Ойын арқылы бала айналасындағы шындықты танып-біледі, рөлдік әрекеттер арқылы өзін және өзгені түсінуге ұмтылады.

Қазақтың дәстүрлі ойындары — “Ақ серек, көк серек”, “Тоғызқұмалақ”, “Арқан тартыс”, “Асық ату” сынды ойындар баланыңептілігі мен зеректігін дамытуға, олардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуына, психологиялық бейімделуіне оң әсер етеді.

Бала тәрбиесінде педагог пен психологтың өзара үйлесімді жұмысы аса маңызды. Психолог баланың ішкі жан-дүниесін зерттеп, педагогпен бірлесіп оның қажеттіліктеріне сай тәрбие тәсілдерін ұсынады. Әсіресе, ұжымдық ойындарды ұйымдастыруда психологтың кеңесі тәрбиешілерге үлкен көмек көрсетеді.

Мектепке дейінгі кезендегі дене тәрбиесі — баланың өмірлік бағытының қалыптасу негізі. Қозғалыс пен ойын бала дамуының қуатты тетігі.

Педагогтар мен ата-аналар баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамуына бірдей көңіл бөлулері тиіс. Осы арқылы салауатты, белсенді әрі ойлы ұрпақ қалыптастыруға болады.

Фозил АТАБЕКОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті.

Ел тірегі

БОЛАШАҒЫМЫЗ – ЖАСТАР ҚОЛЫНДА

Елдің ертеңі, мемлекеттің болашағы жастардың қолында. Жастар білім алуымен, еңбек етуімен қоғамға, мемлекетке қызмет етпек, сол арқылы өркениетке үлесін қоспақ. Сол үшін де еңбек еткен адам әрқашан, жан-жақты құрметке лайықты болады. Білімді де еңбексүйгіш жастар еліміздің өркениеті үшін ауадай қажет.

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті жыл сайын өз әлеуетін кеңейтіп, білімге құштар қаншама студенттің сүйікті ордасына айналуда. Мұнда еліміздің түрлі аумағынан келген мыңдаған қыз-жігіт жоғары білім алып, белгілі мамандық иелеуде. Бір сөзбен айтқанда, университет идеялар орталығына, кадрлар, технологиялар, ғылыми қолданбалар және инновациялық шешімдер жеткізіп беретін орынға айналды.

Мұнда студент-жастар үшін барлық жағдай жасалған. Бар қолайлылық пен жағдайды қамтыған студенттер үйі, демалыс бөлмелері, кітапханалар, компьютер сыныптары, спорт алаңдары да студент-жастардың еншісінде.

Басқа білім ошақтарымен салыстырғанда төмендеу стартпен бастау алса да Шыршық мемлекеттік педагогика университеті қысқа мерзімде жергілікті деңгейдегі міндеттерді табысты атқарды. Ескі ғимараттар қайта жөнделеді, студенттер қалашығы қайта жөнделіп, аумақ түбегейлі абаттандырылды. Бастысы, “Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын” ұжым қалыптасты. Білім берудің сапасы мен деңгейі ең озат ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді. Білім беру және ғылыми қызмет нәтижелілігіне қол жеткізілді. Сондай-ақ оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынастар өзгерді. Бір сөзбен айтқанда, креативті орта жасалуда, студенттердің өндірістік практикасы барлық салаларда қамтамасыз етілуде.

Педагогтарға келсек, профессор-оқытушылар ғылыми және білім беру қызметімен шұғылданып, бүгінде өздерінің білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында шетелдерге баруда. Оларға экспедициялар, іссапарлары үшін жеткілікті қаржы бөлінеді. Ал бұл өз кезегінде жаңа білім мен жанасуларды қалыптастыру үшін, кәсіби деңгейде өсуі үшін өте қажет. Яғни университет басқышпа-басқыш сапалық тұрғысынан жаңа деңгейге көтерілуде.

Лайықты педагогтар дайындауда тәрбиенің маңызы зор. Тәрбие мектептен соң тоқтап қалмайды, ол өмір бойы адаммен қатар жүреді. Тәрбиенің негізгі факторы — өмір салты. Біздің педагогтар білім берудегі әдемі дәстүрлерге — ұстаз-шәкірттікке, рухани және кәсіптік тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мойынсұнады. Ал ең маңызды моральдық және мемлекеттік құндылықтар — бұл отансүйгіштік, азаматтық қасиет болып табылады. Отанға қызмет ету, берік отбасы, шығармашылық еңбек, әділет және өзара көмек, мұның бәрі біз көз қарашығымыздай сақтауымыз және нығайтуымыз қажет болған идеялар.

Біздің студенттердің арасында есірткімен айналысу, алкоголизм, қылмыскерлік, ұлтаралық өшпенділік және экстремистік сынды індеттер жоқ. Бұл білім ошағындағы нәтижелі тәрбие моделінің жаратылғанынан дерек береді.

Бүгінгі заманалық қоғамда жастарды тәрбиелеу — күрделі, бірақ қажетті үдеріс. Жастарға адам өмірінің қадірі, мәдениеттердің сан алуандығы, басқалардың физиологиялық ерекшеліктері, өзі жасаған ісіне жауапкершілік сынды түсініктерді ұғындыру зор маңызға ие. Жоғарыдағы айтылған факторларды қолданудың нәтижесі болар, біздің студенттер — дарын, шеберлік пен дағдының қазынасы іспеттес. Олардың арасында дарынды музыканттар суретшілер, спортшылар бар. Ал біздің мақсатымыз — олардағы әлеуетті жоғалтпастан дұрыс бағытқа бағдар беру.

Камола ШОКАРИМОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті.

Ой иірімдері

БАЙЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Дана қазақ халқымыз “Бірінші байлық — денсаулық” немесе “Денсаулық — терең байлық” деп байлық туралы сөз өрбіткенде бірінші орынға деннің саулығын қойса, бірі отбасы амандығы, енді бірі экономикалық қаражат дейді. Әркімдікі өзінше дұрыс. Десе де, денің сау болмаса еңбек етуге жарамсыз болатынымыз табиғи, сондықтан жан, тән саулығын сақтай отырып әлеуметтік жағдайымыздың қоңдылығын ойлауымыз керек. Иә, дені сау адамның өмірі жайдарлы, көңілі көтеріңкі болатыны анық. Денсаулығы мықты адамның өмірге деген махаббаты риясыз болып, келешекке биік мақсаттар қойып, оны орындау жолында табанды іс-әрекеттер жасайды.

Байлықтың бір түрі — жанұя жарасымдылығы. Отбасы қашанда ең ыстық құтты мекен. Өмірде бізді әркез қолдап, көмек қолын созатын жандар бауырларың, ата-анаң. Бұдан тыс, рухани және материалдық байлық бар. Рухани байлық ұғымы рухани қазыналардың, сол қазыналарды мұрат тұтқан жеке адам басындағы сезім, ақыл, парасат, өнер, білім қабілеттерін қамтиды. Ал материалдық байлық ұғымы адамзат қауымына, жеке мемлекетке не адамға тиесілі материалдық игіліктерді білдіреді. Кез келген қоғамда адамдардың рухани және материалдық байлыққа қол жеткізуіне жағдай туғызылғанда ғана сол қоғамның дамуы орнықты болады. Бұндай мүмкіндікті орынды пайдаланып, күш-жігер жұмсағандар бай болады. Ал жалқаулық пен енжарлыққа бой салғандар кедейшілікке ұрынады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында материалдық байлықтан рухани игілікті жоғары қоятын “Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы” деген моральдық ұстаным қалыптасқан. Осы ұстаным әлеуметтік құндылықтар мен құқықтық нормалардың имандылыққа, әділеттілікке негізделуіне себепші болды. Соған қарамастан, қазақ халқы байлықты адам мұратының, әлеуметтік құндылықтарының бірі ретінде қараған. “Түстік өмірің болса күндік мал жи” деген нақыл соның айғағы. Мал — дала өркениетіндегі байлықтың басты өлшемі болды. Мыңғырған мал өсірген байлар дәстүрлі қазақ қоғамындағы экономика және әлеуметтік жүйенің негізін құрады.

Ал байлықтың моральдық түрі — ақша. Бүгінгі таңда барлық мәселені ақша арқылы шешеміз. Киетін киіміміз, жейтін тағамымыз, білім алуымыз ақша арқылы жүзеге асады. Қалтасы қалың адамның өмірі де мықты болады. Өйткені не киемін, не жеймін деген проблемасы болмайды.

Бірақ дүниеде барлық нәрсе ақшамен өлшенбейді, мәселен, адамгершілік қасиеттер, біреуге жақсылық жасау, қол ұшын беріп көмектесу сынды игі істерді жасау ешқандай ақшаны талап етпейді. Ақша қолдың кірі, бірде бар, бірде жоқ дегендей. Бастысы, өмірдегі баға жетпес байлығымыз — бір-бірімізге деген бауырмалдығымыз, сыйластығымыз. Бай, қуатты болайық, бір-бірімізге сыйластығымыз арта берсін.

Жұмагүл ӘЛІМБЕКОВА

Жыр-шашу

ҒАСЫРМЕН ЖҮЗДЕСІП

101 жыл бұрын көктемде,
Күн шуағын сепкенде,
Бексейіт ата туылды,
Гүл жайнаған беткейде.

18-ге жеткенде,
Алла бұйрық еткен бе,
Ел қорғауға аттанды,
Күз самалы ескенде.

Сүрінбей өтіп, от кешіп,
Шинелін жалап, оқ тесіп,
Қарсы тұрып жауларға,
Сұм Гитлермен кектесіп.

Қару ұстап өштесіп,
Намыс үшін серттесіп,
Жауды жеңіп келді гой,
Енді “Гитлер жоқ” десіп.

Ел тыныштын қорғады,
Елде тыныштық орнады.
Ұстаз, болған бұл — Бекең,
Ұрпақ қамын ойлады.

Орден, медаль төсінде,
Нұр тараған бетінде.
Отыр бүгін бұл — Бекең,
Өткенді алып есіне.

Ұмытылмас ер даңқы,
Есте сақтар ел-халқы.
Ұлыларды қастерлеу —
Ата-баба, ел салты.

Құтты болсын туған күн!
Бүгінгі той-думан күн.
Туған күнді тойлауға,
Көп халықты жиған күн.

Маржан сөзден жыр есіп,
Арнау жазып, жыр етіп,
Бостандықтан келдік біз,
Туған күнге сый етіп.

Ұзақ болсын жасыңыз,
Жүз оннан да асыңыз.
Әр жылы тағы келейік,
Аман болсын басыңыз.

Сапарбек ИМАНБЕКОВ,
Жазушылар одағының мүшесі.

Егістік алқабында

САПА – ЖОҒАРЫ ӨНІМДІЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Астық шаруашылығы еліміздің ауыл шаруашылығы саласының маңызды бөлігі. Әсіресе, тұқымдық астықтың сапасын бақылау мен бекіту жұмыстарының маңызы зор. Себебі, тұқымдық сапасының дұрыс сақталуы мен егістік алқаптарының генетикалық тазалығы өнімділіктің жоғарылауына және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты, әрбір жаңа егін жинау науқаны бұл еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі үшін маңызды кезең.

Жыл сайын май айының басында өңірлерде тұқымдық астықты бекіту жұмыстары басталады. Бұл жұмыстардың мақсаты — келер жылдың астық жинау науқанына мемлекеттік стандартқа толық сәйкес келетін, жоғары өнімді, сорттық сапа көрсеткіштеріне ие тұқымдарды жинау. Осылайша, егін жинау кезінде әртүрлі ауа райы жағдайларына төзімді, өнімділігі жоғары дақылдар алынуы қамтамасыз етіледі.

Биыл Сырдария облысында 256 шаруа қожалығы, элиталық тұқым шаруашылықтары, ғылыми-зерттеу институттары бірге, 6 миллион 882 мың гектар жерде дәнді дақылдар алқабынан тұқымдық астық өндіруді жоспарлап отыр. Бұл алқаптардың 400 гектары асыл тұқымды питомниктерде, 3 миллион 545 мың гектары төл тұқым алқаптарында, ал 2 миллион 937 мың гектары элиталық тұқымда өсіріледі. Бұл көрсеткіштер биыл 15 сұрыптан барлығы 15 мың тонна жоғары сапалы тұқымдық астық өндіруге мүмкіндік береді.

Өңірлерде тұқымдық астықтың сапасын тексеру жұмыстары үнемі қатаң бақылауда болады. Облыстық инспекция және аудандық бөлімдер тұқымдық дақылдарды тексеріп, сұрыптық қоспалар мен арамшөптерден тазарту жұмыстарын жүргізеді. Тұқымдық алқаптардың сапасын тексеруді қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен инспекторлар арнайы ережелер мен талаптарды сақтай отырып, бақылауды күшейтеді. Министрлер Кабинетінің 2021 жылғы 12 октябрьдегі қаулысына сәйкес, бұл жұмыстарды жүргізу үшін арнайы комиссиялар құрылған. Өзбекстан Республикасының “Тұқым шаруашылығы туралы” Заңының 35-бабына сәйкес, “Уздонмахсулот” АҚ жүйесінде жұмыс істейтін астық кәсіпорындары мен тұқым цехтары да тұқымдық материалдарды қабылдау және бекіту бойынша арнайы талаптарды орындауда. Аталған ұйымдар тұқымдарды дұрыс сұрыптап, қабылдау үдерісін белгіленген өлшемдер бойынша жүзеге асырады. Бұл үдеріс өңірлерде жоғары сапалы тұқымдарды дайындауға бағытталған шаралардың бірі.

Тұқымдық астықтың сапасын қамтамасыз ету үшін белгіленген талаптарды бұзу ауыл шаруашылығының өнімділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан тұқымдық материалдарды қабылдау бойынша нормативтерді сақтамаған шаруашылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Осы ретте, тұқымдық дақылдарды араластыруға жол бермеу үшін арнайы тексерулер мен тексеру комиссиялары құрылып, олар жұмысты қатаң бақылап тұр.

Жоғарыда аталған шаралар өңірлерде дәнді дақылдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болып отыр. Осылайша, облыс әкімдігі мен аудандық кадрлар басқармалары астық жинаудың өнімділігін арттыру мақсатында тұқымдық дақылдарды тексеру және мониторинг жүргізу жұмыстарын үнемі жетілдіріп отырады.

Жалпы, облыстағы бұл шаралар астық өндірушілерге мол табыс әкеліп, ауыл шаруашылығы саласының тұрақтылығы мен өнімділікті арттыруға оң әсер ететін болады. Сонымен қатар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Айдана МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Нұрлы жол
Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!
“Нұрлы жол” газеті Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 2001 жылдың 18 шілдесінде тіркелген. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңестің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Басқарма және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің орыс тілі

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июньде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Офсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3682

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

Кезекші редактор: Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurlijol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 526.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00
Тапсырылды: 03.00
1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurlijoluz https://t.me/nurlijol1991 https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738